

**Шымкент қаласы №136 жалпы орта мектебі коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі**

# **Дөңгелек үстел**

**Тақырыбы: Тіл- тіршіліктің айғағы**

**Іс- шараға жауапты мұғалімдер: Келдебекова С.Р.  
Тенизбаева Д.Ж.**

**Сынып: 9-сынып оқушылары**

**2023-2024 оқу жылы**

### **Тақырыбы: «Тіл- тіршіліктің айғағы»**

**Мақсаты:** Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау. Ана тілі туралы өлең, мақал –мәтел, нақыл сөздерді оқыту арқылы оқушының сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту. Патриоттық сезімін оятып, тілін, елін, жерін, салт-дәстүрін, тарихын құрметтеуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** сызбалар, тіл туралы ұлылардың ойлары жазылған кеспе қағаздар, слайдтар, баспасөз материалдары, суреттер, бейнекөрініс.

**Түрі:** дөңгелек үстел

«Қазақстанның болашағы- қазақ тілінде» Н.Ә.Назарбаев

«Ұлттық руханиятымыздың өзегі- тіл» Әбіш Кекілбаев

Дөңгелек үстелдің барысы:

**Кіріспе сөз:**

Құрметті бүгінгі дөңгелек үстелге жиналған қонақтар, тіл жанашырлары! Сіздерді «Тіл мерекесімен» құттықтаймыз!

«Туған тілім -тірлігімнің айғағы, тілім барда айтылар сөз ойдағы» -демекші, әр адам баласы өз туған тілін құрметтеп, сыйлау керек. Өз тілінді біле тұрып, өзге тілде сөйлегеннен асқан бақытсыздық жоқ. Қазіргі таңда ана тілін білу, үйренудің қажеттілігі жайлы орасан зор жұмыстар жүргізілуде. Еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін, ана тіліміз –қазақ тілі мемлекеттік тіл деп бекітілді. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы күшіне енді. Ана тілінсіз іс өрге баспақ емес. Болашағымызды баянды етер қаруымыз –тіліміз. Ана тілімізді құрметтейік!

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

**Слайд «Жылдар сөйлейді»**

1989 жыл 22 қыркүйек. Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы заң қабылданып,қазақ тіліне «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» мәртебесі берілді.

1993 жыл 28 қаңтар. Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданып, онда қазақ тілі «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі» болып бекітілді.

1995 жыл 30 тамыз.Республикалық референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданып, Конституцияның 7-бабында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі-қазақ тілі», -делінген.

1997 жыл 11-шілде. Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы Заң Парламентте қайтадан талқыланып, ол Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен бекітілді.Бұл Заң бойынша қазақ тілі- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі,қазақ халқының ұлттық тілі болып есептеледі, -деген. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Заң 6 тарау,27 баптан тұрады.

Кез келген ел болашағының ұлт ретінде танылуы –тікелей тіліне байланысты екендігі баршаға белгілі. Туған тілін құрметтеу, оның қолдану аясын кеңейтіп, өркендету – Қазақстанның әрбір азаматының негізгі парызы.

Қазақ тілі- мемлекеттік тіл

Орыс тілі- ұлтаралық қарым – қатынас тілі

Ағылшын тілі- жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі.

**Ақын- жазушылардың тіл туралы жазған өлеңдерімен таныстыру. Слайд**

Күш кеміді, айбынды ту құлады,

Кеше батыр- бүгін қорқақ бұғады.

Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде

Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Мағжан Жұмабаев

Сүйемін туған тілді- анам тілін,  
Бесікте жатқанымда- ақ берген білім.  
Шыр етіп жерге түскен минутымнан  
Құлағыма сіңірген таныс үнім.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Әр адам баласы шындығында өз туған тілін құрметтеу керек. Туған тілге деген шексіз құрмет, ол өз отбасы -ошақ қасынан басталады. Ана тілі – мемлекеттің, ұлттың, ұлыстардың ұйытқысы.

**Оқушылар шығармашылығы:**

Оқушылар тіл туралы өздерінің жазған шығармашылықтарын мәнерлеп оқиды.

Теңдік, бостандық, тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ. Өз тілімізді, өз дінімізді қайтару жолында қанша ер азаматтарымыз құрбан болды. Қаншама жастарымыз аяусыз жазаланып, қыршын кете барды.

Тақтада көрсетілген «Айсана» атты бейнекөрініс бойынша оқушылар өз ой-пікірлерін айтады.

Бәрі де сіздің қолыңызда;

Тілді өзге тілмен шұбарламау;

Тіл үйрету.

Қазақ тілі болашақта мерейі үстем, туы мен тұғыры биік, нағыз қазақ атын шығаратын тіл болады деген сенімдеміз. Туған тілін құрметтеу, оның дамуына үлес қосу, өз туған тілінде сөйлеу әрбір азаматтың басты парызы.

**Тіл туралы мақал- мәтелдер айту. Мазмұнын түсіндіру.**

Өз тілің – бірлік үшін, Өзге тілің- тірлік үшін

Тіл сүйексіз болса да , сүйектен өтеді.

**Қорытынды сөз:**

Бүгінгі дөңгелек үстеліміз өз мәресіне жетті. Егеменді еліміздің тұғыры қашан да тіліменен биік. Тіл тағдыры туралы көкейді тескен көл ойлармен сусындадық. Ана тілінің бүге- шігесіне дейін терең иірімдеріне бойлай білу- саналы азамат болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол туған жерді , Отанды, Атамекенді сүйе білу деген сөз. «Осы азғантай уақыттағы айтылған сөз, өнер толғаған сезім, ұлылардан қалған ой- пікірлерді көкіректеріңе мәңгі қалдырыңдар» дей отырып, Абайдың мына сөзімен қорытындылағым келіп отыр.

Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге

Көкірегінде болсын кез.

Дөңгелек үстелімізді әнші Төреғали Төрәлінің «Тұғыры биік туған тіл» атты әнімен аяқтаймыз.

Слайд көрсетіледі.

Назарларыңызға рақмет!



